



**Көне Қытай
философиясы**

Біздің жыл санауымыздан бұрын VII-VI ғасырлар аралығында қазіргі қытай мемлекетінде мифологиялық дүниетанымның орнын философиялық ілімдер ала бастайды. Олардың барынша гүлдену кезеңі Хань династиясына сәйкес келеді. Зерттеушілер бұл кезеңді <<гүлденген жүз философиялық мектептің өзара тартысы>> деп атаған.

Көне Қытайдың негізгі философиялық ескерткіштері: << И цзин >> - өзгерістер кітабы; << Ши цзин >> - өлеңдер кітабы; << Шу цзин >> - тарих кітабы.

<< И цзин >> - бүкіл Қытай мәдениетінің қалыптасуына зор әсер еткен, маңызын әлі күнге дейін жоймаған шығарма. Кейбір зерттеушілер оны қасиетті кітап деп атап, Ведалармен, Інжілмен, Құранмен бір деңгейге қояды. << И цзин >> 64 гексаграммалардан тұрады, яғни дүниенің 64 күйі мен құрылымынан тұратын, Көк-Жер-Адам қатынасын білдіретін ілімді құрайжы деп түсіндіреді.

**<<Ши цзин>> 305 поэтикалық шығармалардан тұрады.
Олардың қай кезеңдерде дәл басып айту қиын, қазіргі заманғы
ғалымдар бұл өлеңдер шамамен б.д.д. XI-VII ғасырларда,
Қытайда философиялық мектептер әлі қалыптаспаған
уақытта жазылған деседі.**

**Бұл өлеңдер
кітабында көне
Қытай
қоғамындағы ван,
дафу, чжухоу
топтарының өмірі,
адамгершілік
келбеті жырланады.**



*<<Шу цзин>>-<<Тарих кітабы>> немесе
<<Құжаттар кітабы>>.Кітапты алғаш
рет Конфуций құрастырды,кейбір
бөліктері б.д.д 213 жылы кітап. Атынан
көрініп тұрғандай кітаптың тарихи
мазмұны басым,бірақ философиялық
көзқарастар да көп кездеседі. Қазір <<Шу
цзиннің>> 55 тарауы бар,олардың
арасында 33 тарауыны кітаптың
алғашқы нұсқасына жататыны
анықталған.*

Қытай философиясының мектептері:

1. Конфуцишылдық

2. Легизм

3. Моизм

4. Инь және Янь

5. Даосизм

6. Атаулар



Конфуций ілімі

*Кунцзы
(ұстаз Кун)*

*Мемлекет
пен
конфуцийлік
біртұтас
саяси
әкімшілік
жүйе*

*“Лунь юй”
“Сұхбаттар
мен пікірлер”*

Өмірлік қағидасы:

Ата-аналарды құрметтеу мен қарттарды сыйлап қадірлеу

Конфуциандық ілім

Негізін қалаушы б.д.д. 551-479ж.ж. өмір сүрген

Конфуций(Кун-фу-цзы)

« ұстаз-кун».

Конфуций шәкірттерінің жазбаларынан құралған «ұстазбен болған сұхбаттары» туралы «Лунь- Юй» біздер үшін Конфуций ілімі туралы мәлімет көзі болып табылады.

Конфуций ілімі адамды бірінші әлуметтік өмірдің мүшесі ретінде қарастыратын ежелгі философиялық мектеп.



Конфуций(Кун-фу-цзы) « ұстаз-кун»

Легистер (заңгерлер), негізгі өкілдері:

- Шан Ян (б.д.д. IV ғ),
- Хань-Фэй-цзы (шамамен б.д.д, III ғ).

Легистер конфуцийшылдардың мемлекеттегі әдептілікке негізделген заңдарды жүзеге асыру арқылы басқару керек деген пікірлеріне қарсы болып, керісінше, мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады, себебі, "Мейірімділік пен адамгершілік" - қылмысқа апаратын бірден-бір жол, ал шын қайырымдылық өзінің бастамасын жазалаудан алады деп уағыздайды. Сөйтіп, легистер ар-ожданнан орнына қорқынышты дәріптейді.

Елде тәртіпсіздік болмас үшін, олар келесідей қағидалар ұсынды:

1. мақтаудан жазалау көп болу керек;
2. аямай жазалау арқылы халық арасында үрей тудыру қажет;
3. ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар үлкен қылмыс жасамайтын болады;
4. адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек.


Осы қағидаларды бұлжытпай орындағанда ғана халық билеушінің айтқанын екі етпей орындайды және керек болса, өлім

Моизм мектебінің негізін салушы Мо Ди. Бұл мектептің ілімі Конфуцийге мүлдем қайшы келетін. Өйткені, оның негізінде дерексізденген жалпы сүйіспеншілік жататын.

Теориялық іспен айналысу-бос уақыт өткізумен бірдей.

Адамға керегі нақтылы дене еңбегі, оның пайдалы нәтижесін, өмір үйлесімділігін көкке тән жігер реттеп тұрады деген.

Атаулар мектебі заттар мен құбылыстардың тілде бейнелеу сәйкестігіне баса назар аударған.



**Инь және Янь-
әлемнің
бастауында
тұрған мәселелер.
Бірақ олар
туралы ілім
дуалистік
сипатта емес,
себебі барлық
болмыс ол
екеуінің
біртұтастығы
арқылы ғана бар
бола алады.**


Янь тобы:

- ❖ Жарық
- ❖ Еркек
- ❖ Аспан
- ❖ Жоғарғы
- ❖ Күн
- ❖ Сыртқы
- ❖ Жылы
- ❖ Белсенді
- ❖ Қозғалыс
- ❖ От т.б.

Инь тобы:

- ❖ Қараңғы
- ❖ Әйел
- ❖ Жер
- ❖ Төменгі
- ❖ Ай
- ❖ Ішкі
- ❖ Салқын
- ❖ Енжар
- ❖ Тыныштық
- ❖ Су т.б.

*Дүние құрылысы
мен тіршілігінің
адам, табиғат,
космостың
байланыс жүйелерін
түсіндіруге
тырысатын
Қытайдың ең
ежелгі
философиялық ілімі.*



**Лао-Цзы («Қарт ұстаз»)
Даосизмнің негізін қалаушы**



*"Дао" – жол,
заттар мен
құбылыстардың
даму тәртібі.*

- 1) *Қытай философиясының мектептері нешеге бөлінеді?*
- 2) *Конфуцийдің өмір сүрген жылдары?*
- 3) *Конфуций ілімінің өмірлік қағидасы қандай?*
- 4) *Легистер қандай пікірді ұстанды?*
- 5) *Легизмнің негізгі қағидаларын ата.*
- 6) *Моизм мектебінің негізін қалаған кім?*
- 7) *Даосизмнің негізін қалаған кім?*
- 8) *"Дао" сөзінің мағынасы қандай?*
- 9) *Дао ілімі қандай байланыс жүйелерін түсіндіруге тырысқан?*
- 10) *Конфуций іліміне мүлдем қайшы келетін мектеп?*

*Назарларыңызға
рахмет!!!*

